

Е.ЖАНПЕЙІСОВ

ТӨРТ ТҮЛІК ТӨҢІРЕГІНДЕ: ЖЫЛҚЫ (ЕКІНШІ МАҚАЛА)

Жылқы түлігіндегі асыл, таза текті, *бірінші мақалада** айтылғандай, *тулпар* деп атайды. Н.Уәлиев оны *қазанат* деп аталатын «бөйге аттар», «жаугершілікке мінетін аттар» қатарында қарастырады [1]. Ол түрік тілдерінде негізінен мына түрде сипатталады: кир. *тулпар* конь боевой (БСл I, 404); Alt. Tel. *тулбар-тулпар* худая лошадь; Кіг. Kкіг. *тулпар* боевой конь (РСл III: 1475); кыр. *тулпар* 1. миф. крылатый конь; 2. боевой конь, выдающийся скакун, тулпар; *тулпар-тушунда*, күлүк-күнүндө погов. боевой конь—ко времени, а скакун—ко дню (нужен); 3. перен. богатырь (так часто называет жена своего мужа, оплакивая его): *тулпардан қалған тұяғым* фольк. ты мой сын (копыто), оставшийся от богатыря (букв. скакуна) [ЮСл: 764, 765]; *тулпар* 1. скакун; боевой, породистый конь; 2. фольк. тулпар, крылатый конь (ҰРЛ: 450); *тулпар* 1. тулпар (сказочный конь); 2. Тулпар (имя собств. женское) [Туркм РС: 644]; *тулпар* миф. боевой конь богатыря, крылатый скакун (встречается в переводных произведениях) [ШСл: 332]. «Очевидно, *тулпар*, *тул-пар* означал «конь-тигр» [2]. Осы келтірілген деректердегі «конь боевой», «боевой конь» мағынасын түркі тілдерінің кейбірінде бұрындар тұтас *тулпар* сөзінің өзі ғана емес, оның тіпті *тул* бөлігі де білдірген көрінеді, мысалы: дж. *тул* конь, снаряженный для боя; дж. *تولامق* надеть боевой снаряд [наряд болар — Е.Ж.] на лошадь, *тулда* [Кіг. *تولامشى* лошадь боевая (БСл I: 403, 404); Dsch. *тул* конь, снаряженный для боя; *тула* [Dsch. *تولامق* von *тул+ла*] надеть боевой наряд на лошадь; *тулда* [Кіг., von *тул+ла*] налагать на себя траур по муже; *тулдан байлады* он навязал траурный наряд (если кто умрет в дороге, то на его лошадь кладут седло задом наперед и навязывают на него платье и шапку умершего и

таким образом приводят лошадь домой) [РСл III: 1495, 1467, 1474]**; чув. *тул* 1. внешняя, наружная сторона, пространство вне жилой комнаты; 2. суконный верх шубы (ЭСЧЯ: 256); чув. *tulas* внешность, внешний вид от *tula* (<*tul* внешняя сторона) +s; *tullat* покрывать материей (например шубу) от *tul* верх одежды; *tux*—выходить <*taləx*—<*tal* внешняя сторона + *ik*) [3]. Бұл айтылғандардан көзге көрінеу нәрселер: жылқы түлігінде асыл, таза тек саналатын *тулпардың* түркі тілдерінде композиталық құрамдағы, яғни *тул-тул-тул* және *пар* (~*бар*) дейтін дербес екі сөзбен аталатыны — бұл бір; екіншіден қарастырылып отырған ДУЛ~ТУЛ~ТҰЛ~ТУЛ~ТОЛ формасының Э.В.Севортян көрсеткен «вдова, вдовец, вдовый», «освобожденная или разведенная», «изображение умершего мужа», «траур по мужу», «бедный» мағыналарының (ЭСТЯ, 1980: 292) сыртында, түркі тілдерінде сондай-ақ «внешняя, наружная сторона», «верх (шубы, одежды)», «внешность, внешний вид» сияқты да ұғым білдіретіні. Соңғы (шуаш тіліндегі) мағына бізге негізгі сияқты көрінеді. Ойымызды сабақтай түсейік. Түркі тілдерінің сөздіктерінде (бірен-саранында болмаса) *тул-тул* формасы бар болғаны ері қайтыс болған әйелге қатысты «жесір» мағынасын білдіретін және шәкірті жоқ ғалымға байланысты ауыс мөнде айтылатын сөз ретінде ғана, мысалы, мына сияқты түрде сипатталады: *тулдық* тұл болып қалушылық, жесірлік. *Үш жылға дейін тулдық жоқ деген қазақтың аталы сөзі бар* (С.Бегалин) [ҚТТС, 9: 270]. Шын мәнінде, бұл *тул-тул* сөзінің семантикалық құрылымы бұдан әлдеқайда қомақты. Қомақты екенін, басқаларды былай қоя тұрып, қазақ тілінің байырғы өз материалдарынан да көруге болады, мысалы: *Сені есіте* жұртыңыз жылар ма екен, Қозы күрең*

* ҚР ҰҒА-ның ХАБАРЛАРЫ. Тіл, әдебиет сериясы. 2005. №3. 3-12-бб.

** Л.З. Будагов пен В.В.Радловтың сөздіктерінде келтірілген, шағатай тілінде «конь, снаряженный для боя» мағынасын білдіретін бұл *тул-тул* формасын салыстыр: монғ. *толь* сауыт (батырлардың темірден тоқылған киімі) [МКС, 1984, 464].

* Осы есіте етістігіне байланысты мына бір тіл деректері көңіл аударады: *Жалығуды пәледен Жұрт ұмытты біржолата. Шыныменен тамам ол Кете ме екен ит бола* (Абай); *Онан соңғы біздің ханымыз, төреміз — бәрі де Жошы нәсілінен бола келген* (Сонда); *Қатты кеткен күйменің шұбыра бұралған шаңы ішінен шылдыраған қоңырау ойнай, сөйлей бара жатыр* (М.Әуезов). Айтайық деп отырғанымыз — келтірілген мысалдардағы *бола* етістігінің -а форманты. Абай оны бұл жерде -ып тұлғасының орнына а тұлғасын, яғни дағдылы болып көсемшесінің орнына бола көсемшесін қолданған. Ал М.Әуезов бұл -ып формантының орнына й формантын (қазіргі қалыпты қолданысқа тиіс ойнап, сөйлеп көсемшесін ойнай, сөйлей (бара жатыр) деп алған. Жоғарыдағы «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырында да солай көсемшенің е көрсеткіші көсемшенің -іп формантының орнына

кебіндеп **тұлдар** ма екен (Қж-Бс); Байдалы: – Жа-нуар-ай, иең кетіп **тұл** қалдың ғой! – деп күрең аттың кекілін шорт кесті. Содан [соң] дәл тірсегінен жоғары келтіре қалың құйрығын да борт-борт кесіп алды. Қара көк атқа да соны істеп, **тұлдаған** екі атты осы өңірдің өзге жылқысынан бөлек түске кіргізіп қоя берді... **Тұл** атты бауыздаған Байдалы кейін «жол» алады (М.Әуезов). Бұл келтірілген мәтіннен **тұл** сөзінің қазақтарда бұрындары иесі өлген атқа қатысты да айтылғанын, яғни **тұл** ат, ат **тұлдау** дейтін идиоэтникалық бірліктердің тілде тым әріде қалыптасқанын көреміз. Ол кезде шынында да өліктің артын күту рәсімі бойынша егесіз қалған мұндай аттың кекілі мен құйрығын кесу, кебіндеу (көшкенде оны марқұмның ер-тоқымымен ерттеп, үстіне жағалы киімдерінің бірін: ішігін не шапанын жабу, ердің қасына қамшысын шаншып, оған теріс қаратып тымағын кигізіп қою) салты қатаң сақталған. **Тұлдау** деп міне осыны, аттың көрінеу сырт бітімін белгілі бір жақсылы-жаманды жағдайды нышандайтындай (символдайтындай) түр-түске енгізуді айтқан. Бірақ бұл жерде бір көңіл аударатын нәрсе жоғарыда «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жырынан келтірілген **тұлда** формасы мен мына төмендегі **тұлда** етістігі өздерінің осы символдық қызметі жағынан бірдей емес. Салыстырып көрейік: *Моншақпен атын тұлдаған, Өзбектер өтті қатарлап* (Қамбар); *Алты қанат бір үй бер, Шүі болсын шымдаған, Туырлығы болсын тұлдаған* (Бақтыбай Жолбарысұлы). Көріп отырғанымыздай: алдыңғы (*Қозы күрең кебіндеп тұлдар ма екен және кекілі мен құйрығын кесіп тұлдаған* дегендегі) **тұлда** – қаралы, қайғылы жағдайды нышандап (символдап) тұрса, кейінгі (*Моншақпен атын тұлдаған, Туырлығы болсын тұлдаған* дегендегі) **тұлда** – керісінше қуанышты, салтанатты шараға мегзейді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты мына бір тіл дерегіне қайта бір көңіл аударып көрейік: чув. *tullat* «покрывать материей (например шубу)» от *tul* «верх одежды». Осындағы *tullat* туылымын қазақ, қырғыз тілдеріндегі **тыстат**–**тыштат** етістігімен толық адекваттықта, яғни морфологиялық та, семантикалық та жақтан толық сәйкестікте алып қарауға болады,

мысалы: **тыста** – затты, сырт киімді екінші бір затпен сыртынан қаптау. *Ботагөздің үстінде биқасаппен тысталған күні бар еді* (С.Мұқанов) [ҚТС: 669]; **тышта** – покрывать, снабжать оболочкой; **чапан тышта** – делать верх на пальто, покрывать пальто; **тыштат** понуд. от **тышта**; **тышын буулум тыштатып** фольк. приказав покрыть (шубу) материей **буулум**. Қырғыз тілінде **тыштат** етістігіне антоним мағыналы **ичтет** лексемасы да қолданылады: **ичтет** понуд. от **ичте**... **ичин суусар ичтетип, тышын буулум тыштатып** фольк. низ подбили мехом куницы, верх сделали из дорогой материи (ЮСл: 796, 307]. Талдаудан *tul+la+t*, *mys+ma+m* және *мыш+ma+m* жасалымдарының тұтас туынды сөз түрінде де, сондай-ақ олардың *tul*, *mys*, *мыш* этимондарының да әрі өзара құрылымдас, әрі өзара мағыналас формалар екені айқын көрінеді. Олай болса жоғарыда сөз болған *тул*–*тул*, *тулнар* формаларының «конь боевой» «боевой конь», «боевая лошадь», «конь, снаряженный для боя» мағынасы, біздің ойымызша, шуаш тіліндегі *tul* лексемасының осы «верх» (яғни «*mys*» ~ «*мыш*») ұғымының негізінде пайда болғанға, бұдан да дәлірегі: белі берік, жүйрік аттың, кейбір өзге де заттардың **үстін** (бетін, сыртын, тысын) соғыс, қайғы, қуаныш сияқты белгілі бір жағдайға сәйкес түрге (түске) енгізу, яғни *myllay*–*тұлдау*–*тулдау* процесінде қалыптасқанға ұқсайды. Сондай-ақ тіліміздегі **тұл** **тақия** тіркесінің алдыңғы **тұл** компонентін де дәл осы тұрғыда сипаттауға болады деп ойлаймыз. *Алтын, күміс шаптырған тұл тақиям, Қалыпсыз ғой далада бейітті сақтап* («Ақбала-Боздақ»). Сөйтіп бұл келтірілген деректерге қарағанда: түркі тілдерінде бұрындар, ілгеріде айтылғандай, жалпы сырт тұрпатты, сырт кескінді жаугершілік замандағы түрлі ел қорғау шараларына, өліктің артын күту рәсімдеріне немесе бүкіл ауыл, ағайын болып қызықтайтын думанды үлкен той салтанатына сәйкес түске енгізуді де осылай **-ла/-да** жұрнағы арқылы **тул** есімінен жасалған етістікпен атаған сияқты. **Тұл** есімінің В.Радлов «Сөздігі» мен «Ақбала-Боздақ» қиссасындағы мағынасы бірдей: алдыңғыда ол «өдейілеп соғысқа лайықталып жаракталған

(яғни *есіте* етістігі *естіп* етістігінің қызметінде қолданылған. Бұл айтылғандардан ертеде осы күнгі кейбір грамматикалық форманттардың ара-жігі дәл қазіргідей жете ажырай қоймаған, сараланым дәрежесі әлі кемел емес, содан кейде бірінің орнына бірі жүрген, өзара ауысты «қозы қоспай» да бір кезі болғанға ұқсайды. Өйткені В.В.Виноградов «Морфологические формы – это состоявшиеся синтаксические формы. Нет ничего в морфологии, чего нет или прежде не было в синтаксисе и лексике. История морфологических элементов и категорий – это история смешения синтаксических границ, история превращения синтаксических пород в морфологические» дегенді сірә осындай ыңғайда айтса керек. Шынында да, тілдегінің бәрі қолмен қойғандай көрінеу емес. Оның мұндай бүгінге беймәлім, көмескі тұстары өлі жетерлік. Өйткені тіл – тарихи категория. Ол өзінің барлық іш тұтастығымен, бар болмыс жүйесімен, ішкі даму заңдылығымен қазіргі қалпынан гөрі қадімгі қалпына көбірек жуық. Сондықтан оның қазіргі қалпының қадімгі қалпынсыз толық ашыла қоюы көп жағдайда тіпті мүмкін емес (Неғұрлым толығырақ қараңыз: *Қазақ грамматикасы*. Астана, 2002, 6-8-беттер).

ат» мәнінде жұмсалып тұрса, кейінгіде де, яғни **тұл** **тақия** тіркесінде де сондай бір «арнайы мақсатқа, әлде бір үкілі үмітке, сәнді салтанатқа, ізгілікке лайықталып безендірілген тақия» деген ұғымды білдіреді. **Тұл** сөзінің семантикасының жалпы жақсылықпен де астастығы мына бір фразеологизмнен де айқын аңғарылады: **тұл қара ат** или **тул қазан ат** отличный, выдающийся конь (ЮСл: 764). Бұған дейін де айтқанымыздай: «конь боевой» «боевой конь», «боевая лошадь», «конь, снаряженный для боя» мағынасын түркі тілдерінде *тулпар* ~ *тулпар* формасы әдетте толық түрінде тұрып білдіреді. Сонымен қоса бұл ұғым кейде (мысалы шағатай тілінде) оның тек басқы **тұл** бөлігі арқылы да беріледі. Сөйтіп бұл айтылғандардың бөрінің сарқар жері: жоғарыдағы «тыс, сырт, бет» (яғни «верх») дегендер **tul~тул~тұл~тұл** лексемасының ең бастау мағынасына ұқсайды. Ол былайғы жерде қайғы, қуаныш, жаулық тәрізді түрлі жағдайларға сәйкес **-ла/-да** жұрнағы арқылы деривацияланып, яғни адам мен аттың, кейбір өзге де заттың *үсті* белгілі бір түске енгізіліп, белгілі бір түрге келтіріліп отырған сияқты. Осы айтылғандарға тікелей қатысты түркі халықтарының ежелгі заттық мәдениетімен байланысты тағы бірқыдыру тіл деректерін атауға болады. Мысалы мына тәрізділерді: ад. *تولوم, تولوق*, см. *تولابوی, تولوم, تولوم* мех для вина, бурдюк; кир. *تولابوی* **тыла** — бой весь корпус тела; дж. *تولوم* бурдюк, ад. тат. *تولوق (بوردوق)* бурдюк (БСл I: 405, 575); Dsch. *tolai* все; kir. **тул**: **тул боју** все тело; kur. *тулаі* 1) все, 2) собрание; Kkir. **тулу=тул** (бојы); **тулу бојы** все тело; Ad. **тулук** бурдюк; Tel. Alt. Kmd. Schog. Kgm. **тулуп-тулум** 1) мешок без швов, из целой выделанной звериной кожи; 2) (kir.) мешок из кожи двух месячного ягненка (в него женщины кладут свое рукоделие): Osm. **тулум-тулуп** 1) дубленая целая кожа животных; 2) кожаный мешок без швов; Alt. Tel. Kkir. **тулку** круглый, цилиндрический; Alt. Tel. **тулкула** [von тулку+ла] округлить, сделать круглым (РСл III: 1192, 1465, 1470, 1472): тур. **tuluk** бурдюк, тур. **tulum** 1) бурдюк, 2) волынка (МСл: 629); талап тулуп; кирг. **тулуп** шкура теленка, снятая чулком, тув. **тулуп** мешок без швов из цельной выделанный кожи (ЕСл: 235); кыр. **тулуп** 1. шкура теленка, снятая чулком; 2. мешочек из шкурок с лапок зверя (в нем обычно мальчики держали альчики); **тулку** все, весь целиком; **торпоктул тулкусу** туша теленка; **тулку бой** весь, целиком, все тело; **тулку боюм оорунт** у меня все тело болит; **тулкубой** то же, что **тулку бой**; **тула** то же, что **тулку**; **тула бой**

весь целиком; **тула боюнда эч бир өөнү жок** у него нет никаких недостатков; **толо** полно, полный; **толо бою ок** все тело его изрешечено (букв. полно) пулями; **толо жүзү** все лицо его; **тологой... тологой бою** то же, что **тулку бою**; **тулку бою** или **кара бою** стан, корпус (ЮСл: 764, 746, 139); **тұл-тұла: тұла бой өн бой**; *Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты күнде көріп тұл бойы жиіркенген; Қоймасаң қайғы ауыр боп, Тұл бойыңа тарайды; Тұл бойыңда бір мін жоқ бендесің; Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек; Тұла бойды улатты, Бәрі алдағыш сұм жалған* (АТС: 621, 622); туркм. **туллами** бурдюк, аз. **тулуг** шкура, снятая дудкой, целиком (ШСл: 332); тат. диал. **толык** (уйг. **тулук**; ног. **тулык**, башк. **толк, ток**) кожаный мех из целиком снятой шкуры теленка (см. также общетюрк. **тулуп, тулум, тулун** и **тул** в том же значении и многие их смысловые и иные деривации, в том числе тат. **толып**, чув. **тәләп** тулуп, тат. **толын** кожаный мех для воды, общетюрк. **тул**, тат. **тол**, чув. **тәләк** вдовец, вдова, сирий, сирота — первоначально большая кожаная кукла, набитая соломой и изображающая умерших мужа или жену, чув. **тәләп** туловище и т. п. [4]; **долүк (толық)** малдың бітеу терісінен істеген қап. Кейде, сол әдіспен жасалған үлкен қауғаны да «долүк» дейді [5]; каз. **тұлып** әр түрлі аң, мал терілерінен тігілген сырт киім, ішік; **тұлып** жас төлі өлген малдарды алдарқату үшін ішіне шөп, сабан тығылған бітеу тері; **толайым** түгел дерлік, тегіс (ҚТТС, 9: 270, 272, 179); **тұлып I тулуп**, чучело; шкура теленка, набитая соломой (подкладываемая корове при доение); **тұлып II тулуп**; **қасқыр тұлып** тулуп из волчьей шкуры (ҚОС: 843); **толайым I**. оптом//оптовый; **толайым сатып алу** купить оптом; **толайым сауда** оптовая торговля; 2) в общем, в целом; **толайым алғанда** в общем, если взять в целом; 3) всеохватно, всецело; 4) огулом, огульно; **толайым айыптау** обвинить огульно, **толайым айта салу**, сказать (наговорить ч.-либо) огульно (ҚОС: 815); **толайым бөрі**, тегіс, тегісімен (все, целиком, весь). Ар. КОО [6]; **толайым** жалпы, тегіс, түгел дерлік (ҚТС: 640). Тұлыппен негізінен бұзауы өлген сиыр сауылады. Бірақ бұл идиоэтнический бірлік кейде түйеге де қатысты айтылады. Мысалы: *Ол абайлап қараса түйенің алдында ботаның тұлыбы жатыр екен. Қанша туса да боталары тез өледі де тұлыппен сауылатын.* Бұл дерек жазушы Т.Жармағанбетов шығармаларында келтірілген [ҚТТС 9: 272]. Түркі халықтарының түрлі сөздіктерінде сипатталған осы әр тарап тіл деректерінің идиоэтнический семантикасын олардың көркем мәтіндегі қолданысы да біршама аша түседі. Мына іспетті бірер үзіндіден де мысалы соған көз жетеді: Диуананы сыйлады тамақ беріп, **Тұлып-тор-**

сық ішкізді арақ беріп (Кк-Бс); Кімде кім баламды сөйлетсе, сол кісіге өгіз тұлуп алтын беремін (Ертегілер); Бәңші бір тұлып алтын әкеліп, мал-мүлік алып, там салып, байып кетеді (Қазақ ертегілері); Сауын иіп Дулат жүр. Місе қылып тұлыпты (Дулат); Асылып керегеге ішік толып, Толгайып тұз баспақ* тұр іші толып (Шернияз); Қоя беріп шашын да Иыққа тұлып артыпты (Абылай); Терісін тұлып қыламын, басын қауға (Н.Ақметбеков); Шәй тұлыпты жұлып алып, шәй тоқпақтай бастаған (Монғолия қазақтарының өзілдері); Сырттың соқпасы ма? Ішті жеген жегінің соқпасы ма? Әйтеуір... келді ғой толайым; Жабағының құйрығы шолайып кеткен екен, толайым жылқы күйлі болар (М.Әуезов). Түркі тілдеріндегі *tul~тул~тұл~тұл~тол~дол* этимонды толып жатқан осы деривациялық формалар шамамен мынадай бірнеше мағына білдіреді: 1) «сырт киім, ішік, тон» мағынасын (*тұлып~тулуп~толып*); 2) «саба, мес, торсық, шелек» ұғымын (*толук~толум~tuluk~тулук~tulut~толын*); 3) «қап, дорба, дорбаша» мәнін (*тулуп~тулум~долұқ~толық* т.б.); 4) «өлген бұзаудың бітеудей сыпырылып алынып, іші сабанмен, шөп-саламмен толтырылған терісі» мағынасын (*тұлып~тулуп*) 5) «круглый, цилиндрический, весь целиком» мәнін (*тулку*). Ал ілгерідегі туылымдар тізбесінің мына бір парасы, мысалы *тыла бой, тул боју, тул бойы, тулу бойы, тұл бойы, тұла бойы, толо бой, тулку бой, тологой бою, tolai, толайым* тәрізділер — бәрі негізінен бір-ақ мағына, яғни «весь целиком», «вообще» дегенді білдіреді. Қайта бір қайырып айтсақ: бұл және бұған дейін де аталған жасалымдар — барлығы, сондай-ақ олардың қарастырылып отырған *tul~тул~тұл~тұл~тол~дол* түбірі — бәрі сол жанды-жансыз зат атаулының келім-келбеті, бітім-пішімі, түр-түрпаты сияқты тысқы көрінеу қалпын, сыртын сипаттайды. Міне, осы жағынан бұлар өзара төркіндес, бір гомогендік қатарға жатады.

Жоғарыда қырғыз тілінен келтірілген *тулку* лексемасы төңірегінде мынадай бір ой келеді. Айтайын дегенім — Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түлкібас топонимі. Кейбір зиялылар арасында оны *түркібас, түркібасы* деп қарағысы келетін пиғыл, яғни бүгінгі байтақ түркі дүниесі ең әуел осы аймақта шаңырақ көтерген-мыс деген сияқты ой жоқ емес. Ниет жақсы әрине. Бірақ ол жеткіліксіз. Рас *l-* мен *g-* дыбыстарының өзара сәйкестігі (бірінің орнына екіншісінің қолданыла беретіні) — түркі тілдерінде жалпы бар құбылыс. Бірақ бұл тіл заңдылығын аталмыш формамен байланыстырғаннан

гөрі, мәселеге, біздің ойымызша, басқа қырынан келген неғұрлым ғылымирақ та, негіздірек те көрінеді. *Түлкібас* топонимі шынында сырт түрпатынан көрініп тұрғандай, композиталық құбылыс болып табылады. Дербес екі бөлек сөзден тұратын жалқы есім. Мұның басқы *түлкі* бөлігін ілгеріде келтірілген алтай, телеут, қырғыз тілдерінде «круглый, цилиндрический», «все, весь целиком» мағынасын білдіретін *тулку* сөзінің фонетикалық варианты деп қараймыз. Ал оның кейінгі *бас* компонентінің семантикасы туралы не айтуға болады? Бұл ретте тілімізде *Түлкібас* композитасымен құрылымдас жер-су атауларының аз еместігіне көңіл аударғымыз келеді. Мысалы *Ащыбас, Тұщыбас, Айбас, Ақбас, Қарабас* тәрізді. Осылардың соңғы *бас* сыңары түркі тілдерінде әдетте «исток (реки, ручья)», «верховье» мағынасында қоданылатын *БАШ/ВАШ* (ЭСТЯ, 1978: 85-87) формасымен тектес сөз. Олардың Қазақстан топонимдерінің сөздігінде үнемі «теңіз, көл, шығанақ» деп түсіндірілетіні де содан. Тілімізде олармен жарыса тағы *Айбұлақ, Ақбұлақ, Қарабұлақ, Ащыбұлақ, Тұщыбұлақ* сияқты жер атаулары кездесетіні де сонымен байланысты. Міне бұл келтірілген деректер *Түлкібас* топонимінің *бас* компонентін дәл осы тұрғыда сипаттауға толық негіз бола алады. Яғни ол — қазақ тіліндегі көдімгі «бұлақ, қайнар, көз, тұма» ұғымындағы *бастау* лексемасының ықшамдалған нұсқасы (түрі). Ендеше *Түлкібас* композитасы барлық тұрған бойы, сырт қалпы бір тұтас, цилиндр бітімді дөңгелек бастаудың (бұлақтың) атауы болып табылады. Осы айтылғандармен байланысты мына бір өлең жолдары да көңіл аударады: *Дәртуіл жерін Қалтай тартып алған. Қошлұң Түлкібұлаққа егін салған; Таласып алған Солаңнан Түлкібұлақ даласы. Жан алланың борышы, Пенденің болмас таласы* (Демежан//Мұра 1983, №3, 1081). *Түлкібас* формасының ономастикалық табиғатын осындағы міне *Түлкібұлақ* гидронимі де жете аша түседі. Салыстыр: кыр: *башат* (или *таш башат*) родничок (вода которого впитывается в землю недалеко от выхода) [Юсл: 120]. Сонымен тілімізде асыл туысты, таза тек жылқыға қатысты қалыптасқан *тұлпар ~ тулпар* композитасының алғы *тұл ~ тул* бөлігінің де семантикасы оның осы бекзаттығына сәйкес түрпат-тұрқы, арқа-басы, дене бітімі сияқты сыртқы жаралысымен байланысты деп ойлаймыз. Ал оның аяққы *пар* сыңарының нақты мағынасын мына бір тіл деректері негізінде сипаттауға болатын сияқты. Өйткені ол иран тілдерінде «канат» мағынасын білдіретін сөз көрінеді: *пар* крыло (ЛТР: 298);

* *тұз баспақ* — тері тұзқап.

крыл//о **ق** [крыльев, крылья] (КСл: 288); **крыло** бол, қанот, пар (ЛРТ: 273); кыр. **пар** ир. сев. 1. птичье перо; **пар жаздық** подушка из птичьего пера; 2. южн. [пәр] крыло птицы; **кушту учурат пәр деген** стих. птице позволяет летать крыло; 3. южн. [пәр] то же, что **паранда**; **паранда** ир. юж. [пәрәндә] птица (ЮСл: 606). Бұл келтірілген тіл деректеріне қарағанда: түркі халықтарының біразының түрлі сөздіктерінде **тұлпар** композитасының тұтас күйінде «миф. крылатый конь», «крылатый конь», «сказочный конь», «крылатый скакун» деп сипатталуында толық негіз бар деуге болады. Осы жерде мына бір өлең жолдары да көңіл аударарды: *Жазған Ғират, төрт аяғың көтерсең, Дамыл көрмей бұ дүниеден өтерсің! Ғират ұшып көкке қарай кетеді, Жануардың жалы су-су етеді* (Көрұғлы). *Аршын басты бурылы, Қабырғадан қанаты. Қыз Құртқаны көтерін, Бурыл көкке екі ұшты* (Қобыланды). Сөздіктерде, жырларда айтылатын бұл «қанатты ат» ұғымы **тұлпар** формасының тікелей өзінен, **тұл** және **пар** компоненттерінің семантикасынан шығып тұр. «Ат — ердің қанаты», «Ер қанаты — ат» дейтін қазақ мақалы қырғыздар арасында да жиі айтылады: **ат — эрдин қанаты** конь крылья молодца (ЮСл: 77). Мұндағы *ер қанаты* ~ *эр қанаты* тіркесі тілде қанатты ат туралы мифтік дүниетаныммен байланысты қалыптасқан. Қазақ тілінде қарастырылып отырған осы композитамең айтылатын топоним де кездеседі. Мысалы: **Тулпар** — возвышенности в центральной части республики [7].

Қадім заманнан халқымыздың дүниетанымында төрт түліктің әрқайсысының өзіне бөлек ата-бабасы болған-мыс деп айтылады. Этнологтар, фольклористер оны әдетте олардың «иесі», «пірі», «бақташысы» деп түсіндіреді. Бұл қатарда мысалы **Қамбар** ата да солай «бағып-қағушы» ретінде сипатталады. Бірақ кейде бұл айтылғандардан қиыс та пікір кездеседі. «Судья по письменным источникам, пастуха коней называли разными словами, а именно: **келебан, улакши, йамши**» [8]. Рас тілімізде мұндағы **келебан, улакши, йамши** сөздерінің үшеуі де айтылады. Бірақ «бақташы (жылқышы)» мағынасында емес. «Төрт түлік төңірегінде» деп аталатын бірінші мақаламызда көрсетілгендей, алдыңғы **келебан** (=**келепан**) формасы жылқыға емес, қой түлігіне қатысты*. Онда да оның тегі таза, асылына ғана. Ал келесі **улакши** — тіліміздегі белгілі **лаушы (ылаушы)** деген сөз. Ол арнайы ғылыми әдебиеттерде кең түрде мысалы былай сипатталады. «*Suv — ulay* 'соединение,

связь' (ДТС: 608, 609). Ибн, М. **улакчы**, по-видимому, чиновник, который следил за своевременной поставкой населением коней; хак. **улагчы** извозчик. Слово восходит к периоду тюрко-монгольской общности. Из всех этих данных видно, что **улаа/ула** 'связывать, соединять (присоединять), продолжать, запрягать, передавать' является начальной формой и для **лау/лау/улоо/улаг/улак/улаг/ылау/олау/улау/улоу** подвода, почтовый конь» [толығырақ қараңыз: 9]. **Йамши** формасы да солай: «бақташы (жылқышы)» мағынасын білдірмейді. Ол да түркі тілдерінде осы **улакчы/улагчы/улакши** лексемасымен мазмұндас, мысалы: п. **يام** **йам** курьерская, запасная лошадь;

يامچی **йамшы** курьер, гонец (отсюда в русском ямщик); каз. **جام** станция, почтовый двор, **جاملى** почтовый (БСл I: 428; II: 341); Osm. Dsch. **Uig jam** 1. (Uig.) почтовая станция; 2. (Osm. Dsch.) почтовые лошади; **Йам атлары била йам хана бузук дур** почтовые лошади и почтовые дома плохи; Osm. **جامчы** [(Osm.), von **jam+чы**] ямщик; **جامچی** (Dsch.) — **جامчы** (РСл, III: 298, 311). Н.К.Дмитриев аталмыш **ям** ~ **йам** ~ **jam** формасы — «пошта стансасы» мағынасын білдіретін монғол сөзі, бұдан кейін «түркі-монғолдық **ям-чи**» жасалымы қалыптасқан деп қарайды (ШСл: 436). Жасалған тілдік талдаулардан көрінгендей: **келебан, улакши, йамши** сөздерінің нақты шынайы мағынасы жоғарыдағы «пастух коней» дегенмен онша қабыса қоймайды. Жылқы түлігінің «бағып қағушысы, бақташысы» деген ұғымға, біздің ойымызша, бұлардан гөрі (тіпті идиозникалық семантикасы қанша көп аспектілі болғанмен де) **Қамбар** формасы жуығырақ. **Қамбар** ата өзге түліктердің пірі, иесі, ата-бабасы, қамқоршысы, бақташысы саналатын Ойсылқарамен, Зеңгі бабамен, Шопан атамен салыстырғанда фольклорист ғалымдардың зерттеулерінде бұл көп қырлылығы жағынан шынында айрықша сипатталады. «**Қамбар** образы кейде *«Мал иесі Қамбар-ау, жан иесі Қамбар-ау, Қарағыма көз сал-ау»* (Алпамыс), кейде *«Көл иесі Қамбар-ай, Шөл иесі Қамбар-ай, Қамбар өзің қолдасаң, Қолдамайтын кім бар-ай»* (Қобыланды)... Төлегенді шешесі алдымен құдай мен кәміл пірге, онан соң көл иесі Қамбарға, су иесі Сүлейменге тапсырады. **Қамбар** эпостарда жылқы пірі ретінде аталады (Қобыланды). Ауыз әдебиетінің ең ескі жанрларының бірі болған бөдік өлеңдерінде арбаушылардың бірі ретінде аталады. Эпостарда бейнеленген **Қам-**

* Қараңыз: ҚР ҰҒА-ның ХАБАРЛАРЫ. Тіл, әдебиет сериясы. 2005. №3. **Келебан** (=келепан) формасын кейін қой түлігі туралы мақаламызда сөз ететін боламыз.

бар бейнесі саманизмнің табиғат дүниесіндегі әр қандай құбылыстың иесі болады. Әр қандай құбылыстың өзінің тәңірі билейді деген көзқарасына жуықтайды. Осыған қарағанда Қамбар өз кезінде недәуір зор құдайлардың (тәңірлердің) бірі болған. Дәуірлердің өтуімен оның нақтылы образының бояуы солғындап, аты ғана қалған сияқты» [10]. Хасен Әбішев «Аспан сыры» кітабында *Қамбар* атты жұлдыз бабын да айтады. Сірә осы көп аспектілігінен бе екен, халқымыз бұл түлікті әйтеуір ерекше әспеттеп, артықша бағалаған. Жылқы атаулының, әрине, бәрін емес, жел аяқ жүйріктерін, күлік текті асылдарын бұлай қасиеттеу, қастерлеу түрік халықтарында жалпы қадім заманнан келе жатқан ең бір ескілікті дәстүр. Соған байланысты олардың тілдерінде арнайы тұрақты сөз тіркестері, фразеологизмдік жеке формалар қалыптасқан. Бұл тілдік көріністер әдетте көркем шығармаларда, әсіресе ауыз әдебиеті үлгілерінде кеңірек қамтылған. Мысалы *кекілін кесу, кекілін керу, кекілін зерлеу, кекілін тұмарлау, құйрығын кесу, құйрығын өру, құйрығын тую, құйрығын керту, құйрығын тарау, құйрығын тұмарлау, жалын өру, жалын сүзу, жалын үкілеу, жалына үкі тағу, жалын маржандау, жарма жал, өрме жал, мойны тұмарлы* сияқты алуан түрлі сөз тіркестері.

Жылқы түлігі төңірегінде қалыптасқан осы тілдік қолданыстарды енді мәтін ішінде келтіріп көрейік: *Бәйгеден келсе жүйрік жарар еді, Сүзілтіп жал, құйрығын тарар еді; Өреді жүйрік аттың құйрық, жалын; Жүйрікке үкі тағып маржандадым; Жүйріктің жалын сүзіп, үкі тақтым; Мінейін сайға арқандап өрме жалды; Мінуші еді сәулетайым жарма жалды; Мінгенім астымдағы сұр бөрте еді, Құйрығын сұр бөртенің дәл кертеді; Жүруші едім айдай боп, Үкілеген тайдай болып* (бәрі «Қазақтың қара өлеңінен» алынды); *Ол күрең аттың кекілін шорт кесті. Тірсегінен жоғары келтіре құйрығын да борт-борт кесіп алды* (М.Әуезов); *Зер кекілді, мойны да алтын тұмарлы* (Мәшһүр Жүсіп); *Мініп жігіт жүйрігін, Тұмарлап кекіл-құйрығын* (Мағжан); *Кекілін кер бестінің кереміз бе, Құйрығын бестен шалып өреміз бе? Кекілін кер бестінің кермей-ақ қой, Құйрығын бестен шалып өрмей-ақ қой* (Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер). Соңғы өлең жолдарындағы *бестен шалып өру* тіркесі қазақ тілінде бұрындар әдетте әлі бала, жас қызға қаратылып *бестемшелеп өру* түрінде де қолданылған. *Базардан өзім барып алдым бөрік, Шашымды бестемшелеп алдым өріп* (Сонда). Сөз етейік деп отырғанымыз мұнда — *бөрік пен бестемшелеп өру* формалары. Бұл ретте алдымен А.Л.Топорковтың мына бір пікіріне көңіл аударғымыз келеді. «В

этнографических описаниях XIX начала XX в. одежда и особенно головной убор предстают не только как внешний покров тела, но и как его продолжение, своеобразная экстериоризация личности» [11]. Ғалым киімді дененің жалғасы, тұлғаның өзіндік экстериоризациясы деп оның ішкі психикалық өмірінің психологиялық процестің нәтижесінде ерекше таңбалық құралдарда көріністенуін айтып отыр. Аталмыш ерекше таңбалық құралдарға түрлі ұлттық киімдермен қоса шаш қою үлгілерін де, мысалы *бестемшелеп өру* формасын да жатқызуға болады. Өйткені бұл тіркес түркі халықтарында бұрындары шамамен он екі-он үштердегі жас қызға қаратылып айтылған. Қыз алғашқы осы мүшел жасына тақағанда әдетте бұған дейін тұтынған тақиясын тастап, былайғы жерде бөрік киюге және бұған дейін тек жай өре салатын шашын енді осылай талдап өруге тиіс болған. Өйткені бұл шақ оның жасының да, соған орай ішкі психологиялық процестің де маңызды өтпелі кезеңі саналған. Осы тұста қызды алғаш жалпы әйел статусы, алдағы ерлі-байлы өмір туралы ой баурайды. Оның психологиялық іш дүниесіндегі осы процесті оларда бөрік кию, шашты *бестемшелеп* (яғни *бестен шалып, бестен талдап, бес талдан*) өру сияқты ерекше таңбалық құралдар арқылы көріністеу (ишаралау) дәстүрі қалыптасқан. Айтылғандарды қайта бір қайырып, пысықтай түссек: шынында да А.Л.Топорков атап көрсеткендей, киім үлгілеріннің жалпы қай-қайсысының да адам денесінің белгілі бір бөлігін жауып тұруы — оның таза сырт жамылғы ретіндегі утилитарлық қызметі ғана. Ал ғалымның оны (киімді) дененің жалғасы, яғни тұлғаның өзіндік экстериоризациясы деп отырғаны психологиядағы процестің нәтижесінде адамның ішкі психикалық өмірінің ерекше таңбалық құралдарда көріністенуі, белгілі бір киім, шаш қою үлгілерінде вербальдануы.

Қазақ тілінде *бестемшелеп* (*бес талдап, бас талдан, бестен талдап, бестен шалып*) өру формасының сыртында он екіден *талдап өру* орамы да кездеседі. Бұл идиоэтникалық бірлікті де сол *бестен талдап өру* сияқты мазмұнда сипаттауға болады. *Бестен шалып өру ~ бестемшелеп өру* формасының негізінде кейін қазақ, қырғыз, тағы кейбір түркі тілдерінде идиоэтникалық *беш көкүл ~ бес кекіл* тіркесі қалыптасқан: *беш көкүл чачым тул болды* мой жених умер (букв. пять косичек моих овдовели) [ЮСл: 764]. Қалыңдық бұл жерде «беш көкүл чачым тул болды» деп атастырылған адамының қайтыс болғанын, өзінің енді жесір (яғни тұл) қалғанын айтып отыр. Бұл тіркес тек қырғыздарда емес, өзге біраз түркі

тілдерінен де кездеседі. Өйткені ол халықтарда ертеде қызға әлі балаң шағында алдын ала кеп құда түсіп қоятын. Тіліміздегі *бесіктен белі шықпай жатып* фразеологизмі сірә осы салтқа байланысты қалыптасса керек. Міне осы кезден ол өзінің атасы тырылған қыз екенінің белгі-символы ретінде самай шашын бес-бес талдан бұрымша етіп өріп қоюға тиіс болған: *көкүл* ир. чёлка, косички, спускающиеся на виски; *бура көкүл* (конь) с верблюжьей чёлкой (считается красивым); *беш көкүл* девушка (приблизительно с двенадцатилетнего возраста ей заплетают на висках по пяти косичек) [ЮСл: 419]. Мұндай салт бұрындар қазақтарда да болған. *Төренің ұлын қосшы ап, Жерді шалған хан атам. Бес кекілін таңдап қыз алған* (Жоқтаудан). «Он үште отау иесі» дейтін бабалар сөзі тілімізде сірә осы салтқа байланысты пайда болса керек. Сөз болып отырған идиоэтникалық *беш көкүл* ~ *бес кекіл* бірлігі сияқты бір сыңары үнемі *бес* сан есімі болып келетін сөз тіркестері қазақ тілінде біраз бар, мысалы: *Бес қара кер* дегенге *бес қара кер*, *Бес білезік*, *бес түйме*, *бес тана бер*; *Бес сөлкебай бұрама*, *Бастағы дәурен тұра ма?* (Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер). Осы өлең жолдарындағы *бес қара кер*, *бес білезік*, *бес түйме*, *бес тана*, *бес сөлкебай* дегендердің қатарына тіліміздегі *бес қасқа* фразеологизмін де жатқызуға болады. Осылардың ішінен мысалы соңғы форманы қалай сипаттауға болады? М.Әуезовтің «Абай жолында» суреттелетін Бердіқожаның Нұрғанымнан басқа Үсенхан, Бурахан, Әуезхан, Самархан, Кенжехан дейтін бес ұлы болған. Жазушы осыларға қатысты эпопеяда былай деп жазады. «—Ақсақал, осы сіздің балаларыңыздың *бес қасқа* атанатын себебі не? — *Қасқа* дегені батыр деп айтқаны деп болмайды ғой туге». *Қасқа* сөзінің шынында «батыр», «ірікті», «бірегей» сияқты мағына білдіретіні мына бір үзінділерден де айқын көрінеді: «*Бес қасқа*» атанған *бес батырдың серкесі, қолбасшысы Құдайберді. Қайқы* — қазақ тарихында белгілі орны бар *Үрпек, Ақша, Бөгенбайлардың аталас туыстары* (А.Сатаев); *Қамалдағы қырғыздың Алла оңдаса осы жол Жан жазасын бергелі Отыз қасқа жөнелді* (Мәшһүр Жүсіп). Қазақта сондай-ақ *Бесқасқа* дейтін этноним де бар. Ол да тілімізде «батыр» ұғымы негізінде қалыптасқан. «*Бесқасқа* — жеке ру басының атына байланысты ата емес, ерлікпен аты шыққан туысқан бес адамның ұрпақтарына ортақ атау» (ҚСЭ, 2: 309). Халқымыздың архаикалық мәдениетінде он екі-он үштердегі жас қыздың атастырылып қойғанының нышан-символы ретінде екі жақ самай шашын *бес кекіл* етіп (бес-бестен бұрымшалап өріп) қоятыны

секілді *бес айдар* қоятын да рәсім болған тәрізді. Болмаса қызына *Бесайдар* деп қазақ ат қоя ма, мысалы: *Бесайдар Жатқанбаева*, Алтай Республикасының (Ресей) Қосағаш ауданындағы «Мирас» Қазақ мәдени орталығының директоры (ЕК, 18.09.04). Сондай-ақ мына бір өлең жолдарына қарағанда да бұл идиоэтникалық екі тіркес (*бес кекіл* мен *бес айдар*) өзара мөндес, қызметтес деп ойлаймыз. *Басынан қара таудың қарай жаттым, Беліме қара айдарым орай жаттым. Кеткенде жерің шалғай өттең қалқа, Жол тосып жолаушыдан сұрай жаттым* (Қазақ қара өлендерінен). Жоғарыдағы *бес қасқа* ~ *беш кашка* фразеологизмі кейде аталмыш «батыр» ұғымынан тыс та мағына білдіреді. Оны мысалы мына бір тіл дерегінен көруге болады: *беш кашка* один из способов плетения кожаной сбруи [ЮСл: 363]. Ежелгі түркі халықтарының көшпелі мал шаруашылықты тұрмысында түрлі тері бұйымдарын бұлай өру тәсілі арқылы дайындау ісі кеңінен дамыған. Сол тұста мысалы мұндай таспа өру мәдениетінің не бір күрделі, асқан шеберлікті талап ететін сирек үлгісі қазақ өнерінде де аз болмаған. Мысалы ұлы Абайдың туғанына 100 жыл толу салтанатына арнап өмілдірік пен құйысқан сияқты жай ат өззелдері емес, тіпті торсықтың өзі де осылай өру жолымен дайындалған. Бұл ретте ұланғайыр сол мерейтойдың Семей облысындағы қыруар дайындық жұмыстарына бастан аяқ қатысқан ақынның жерлесі, жазушы Камен Оразалин былай деп жазады. «Олардың ішінде *47 таспадан өмілдірік пен құйысқан, 128 таспадан торсық өретін* Ұзынбұлақ колхозындағы Түнқатпай, сүйекші Әзімбай, күмісші Сахан, үйші Тұмарбай, жасау-жабдықтың басшысы Рахия, үлгіші Айғанша, текемет пен сырмақтың шебері Нұрша мен Нұржан, тоқымашылар Жаңыл мен Сарқыттар үй-үйлерді жеке-жеке өзірлеуге кірісті [12]. Қайысты осылай таспалап тіліп торсық сияқты үй бұйымдарын, әр түрлі ат өззелін өру өнеріне қатысты тағы мына бір тіл дерегі көңіл аударады. *Атқа өрдің текелдірік жүгенді, Мініп едің шілтен баққан Шұбарды* (С.Сейфуллин). Мұнда сөз еткелі отырғанымыз — *текелдірік* лексемасы. Ол — қазақ, қырғыз әдеби тілдеріндегі *кекілдірік* атауының диалектілік формасы. *Кекілдірік*. Аттың кекілі көзін жауып тұрмас үшін жүгеннің маңдай тұсынан басып тұратын кекілдік, кекіл басар деп аталатын қайыс (ҚТС: 298); *көкүлдүрүк* налобник, ремешок, прижимающий чёлку лошади (часть узды) [ЮСл: 419]. Бұл жерде біз бір сөздің ішінара екі түрлі дыбысталуын ғана көріп отырмыз. Тіліміздегі сондай-ақ «скакать галопом» мағынасындағы *кекіректеу*

мен текіректеу [13], «быт-шыты шықты», «быт-шыт болды» мағынасындағы **күлпарша** мен **тілпарша** жарыспаларының ара қатынасын да дәл осылай *к~т*, *т~к* дыбыстарының өзара сәйкестігімен (кейбір сөздің басында бірінің орнына екіншісінің қолданыла беретінімен) түсіндіруге болады. Түркменстанның Красноводск, Қиянды, Қулымаяк мекендеріндегі қазақтарда **тегелдірік** сөзі қаптың аузын керіп тұруға арналған шеңбер темірдің аты көрінеді (КТДС: 326). Осы жерде ілгеріде келтірілген мына бір өлең жолы ойға қайта оралады: *Кекілін кер бестінің кереміз бе? Неге кереді? Көзін жаппасын деп. Немен кереді? Кекілдірікпен. Кекілдірік деп әдетте жіңішке жай қайысты айтады. Оны кейде сәндік үшін қайыстан бауша етіп өріп те жасаған. Бірақ қайсысы да жылқының кекілін керіп (қысып) тұратын болған. Сонымен кекілдірік~тегелдірік~көкүлдүрүк формасының да, сондай-ақ тегелдірік лексемасының да семантикалық құрылымы жалпы «керу» ұғымымен байланысты. Ол («керу» мағынасы) тілде әуелде кекілмен байланысты қалыптасқан. Ал оның қаптың аузына қатысты «керу» ұғымы, біздің ойымызша, кейін пайда болған.*

Ілгеріде сөз болған идиоэтникалық *кекіл үкілеу* бірлігі кейде түйе түлігіне қатысты да қолданылады. Бірақ жылқыдағыдан сәл басқарақ мақсатта. *Үстіме кілем жамылдым, Ырым қылып бала үшін. Кекілімді үкілеп, Жібектен бұйда тағандым* (С.Сейфуллин).

Жылқы түлігі төңірегіндегі вербальдық коммуникацияда бұрын ілгеріде аталғандардан өзге тағы біраз тілдік қолданыстар болған. Бірақ олар көбінесе бағы заманғы қатал дала заңымен, шарифат жолымен, барымтамен байланысты болып келеді, мысалы: *ат құйрығын кесісу, ат тізгінін кесісу, ат артына салып әкету, ат көтіне салу, ат көтіне міндіру, ат артына жайдақтатып әкету, ат құйрығына байлап өлтіру, ат құйрығына арқанмен байлап сүйреу, ат құйрығына тартып өлтіру, мойнына арқан салып ат құйрығына байлап өлтіру* т.б. Тіліміздегі бұл идиоэтникалық бірліктер мысалы мынадай мәтіндерде кездеседі: *Абай ұрпағымен Мұсабай да ат тізгінін кесіскен; Нұрмағамбеттің Шөпішті ат артына жайдақтатып әкететіні бар; Әзімхан, Мұсабайлар Әйгерімді ат артына жайдақтатып әкетуді мақсат етеді. Бірақ ат артына салып әкете алмайды; Еңілік-*

Кебекті ат құйрығына байлап өлтірген; Екеуін де ат құйрығына арқанмен байлап, Ақшоқыға сүйреп апарған (бәрі — К.Оразалиннің аталған еңбегінен); *Екеуінің мойнына арқан салып, Екі аттың құйрығына байлап алып, «Матайлап» ұран салып шауып-шауып, Өлтіріп бір төбеге қойды апарып* (Шәкәрім); *Қызылшілікке келгенде бір аттың құйрығына тартып өлтіреді* (Е.Букетов); *Канікейдей көріктіні, Тінікейдей тектіні Ат көтіне міндірген* (Едіге); *Бұ барғаннан бармасаң, Бұ бермеген қызыңды Ат көтіне салмасам* (Ер Сайын); *Алма мойын аруды Ат көтіне салған күн; Ат көтіне үңілтіп, Артыма салсам деп едім; «Әділ» жаннан түңілтіп, Ат көтіне өңгердік* (Махамбет).

Тұлпардай асыл, таза тек жылқы — қай заманда да жалпы сирек құбылыс. Ол елге түр-түсі жағынан да солай таңсық болған. Мысалы оның бірыңғай ақ не бірыңғай қара түстісі ілуде біреуден ғана кездеседі. Бұл төңіректе этнолог Жағда Бабалықұлы былай деп жазады: «Табиғи үлгі, пішін, қалып сақталмайтын, денеде белгілі бір тұрақты орны жоқ, бірде үлкен, бірде кіші, қыңыр-қисық, үлгісіз, қалыпсыз, тұрақсыз өң-түсті «ит ала» деп атайды. Ал жылқы жануардың өң-түсі [осы] «ит алаға» жатады. Оның үстіне меңсіз, қалсыз, дақсыз жылқы кемде-кем кезігеді» [қой түлігі бұған керісінше: бірыңғай түсті ғой]. Автор қазақ тіліндегі «ақтылы қой, алалы жылқы» фразеологизмі жылқының осы «ит-ала» ренділігі негізінде қалыптасқан болар дейді. Ол әрі қарай ойын былай сабақтайды: «Жазықсыз қамалған Отыншыны шығарып алмақ болып, аға сұлтан Алшынбай бастап ел-жұрт жиналып, тарту-таралғы алып, өте сирек кездесетін *қарабас ат* жетектеп Керекуге келеді. Қарабас атты көрген орыстар Отыншыны шығарып, астына екі құлағы қап-қара, өзі ақ ат мінгізеді. Дәл осы жерде көңіл аударуға тиісті ерекшелік — өзі аппақ, басы қара [яғни] қарабас аттың болуы» [14]. Жағда Бабалықұлы бұл арада *ақ қара* түсті: басы не құлағы ғана қара, ал қалған денесі түгел ақ жылқыны халықтың қай кезде де ерекше қасиет тұтатыны, жалпы *ақ қара* түстің киелілігі туралы айтып отыр. Шынында да киелілігінен болу керек: бұл түс тілімізде туға, кейбір аң-құс түріне қатысты да айтылады, мысалы: *Ақ қара бас сұр жылан* (Алпамыс); *Қырық мың үйлі Қияттан Қырық мың әскер қол алып, Ақ қара бас ту алып, Қызылбасқа жол тартты* (Қобыланды). *Қара бас күспен** шалдырып, Көк теңіздің үстінде Көтерін

* КИС соболь (ДТС: 310). *Бай төсегі* — темір кіс, *Кедей төсегі* — қара кіс. Осы өлең жолдарындағы *темір кіс* формасын, біздің ойымызша, алтайлықтар айтатын *temir terek*, Қиыр шығыс ертегілерінде «железная свинья» мағынасында кездесетін *тимир испиня* [15] қазақ, тағы біраз түрік тілдерінде қолданылатын *темір қазық* тіркестерімен салыстыруға болатын сияқты. Өйткені *baj~raj* сөзі кейбір жағдайда *temir* лексемасымен ауыстырылатын көрінеді [16].

желкен аштырып, Жүк тиедің кемеге, Нует еттің тәңірінің үйі Кебеге... **Қара басты ақ күспен** Кендір баулы ақ желкен Көк теңізде жал толқынға жектірдің (Шалкиіздің Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны); ...әне-әне, ботасы келе жатыр. Боталаған күні үй иесі бәйбіше ырымдап төбесіне таққан **қара бас үкісі** былғақ қағады. **Тіп-титтей** иір мойнағын алдына соза түсіп, жасқа толы екі көзі мөлдіреп, сыңси боздап, шойнаңдай басып, бүлік-бүлік желеді (Жағда Бабалықұлы). Жоғарыда атқа, аңға және құсқа қатысты аталған «ақ» және «қара» түстерінің, біріншіден, таза физикалық көлемі көңіл аударарды: соңғы (**қара** түс) — тек бас жақты ғана, ал алдыңғы (**ақ** түс) — олардың (аттың, аңның, құстың) қалған барлық денесін алып жатыр; екіншіден, бұл екі түс — өзара оппозициялық қатынастағы жұптар, яғни **ақ** — жақсылықты символдаса, **қара** — керісінше жамандықты символдайды. Демек келтірілген мысалдардағы атпен, аңмен, құспен байланысты бұл «ақ қара» түс жақсылық қаншалықты көп болса, жамандықтың соншалықты аз болғанын нышандайды. Біздің ойымызша, тіліміздегі **сүт көп, көмір аз** фразеологизмін де дәл осы тұрғыда сипаттауға болатын сияқты. Жазғытұрым әуел бұлт күркірегенде қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып **«сүт көп, көмір аз»** деген (Абай). Аспан тұр міне күркіреп, Шөміш қақ, әже, ырымдап. Көктер ме егін дүркіреп, Көк биең аман құлындап (Мақатаев). **Сүт көп, көмір аз** фразеологизміндегі **сүт** — «ақ» түс, ал **көмір** — «қара» түс мағынасында қолданылған. Сөйтіп мұнда да сол жақсылық неғұрлым көп те, жамандық соғұрлым аз болса екен деген тілек ырымдалған.

ӘДЕБИЕТ

1. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы, 1984. 52-б.
2. Ахметьянов Р.Г. Общая лексика духовной культуры народов Среднего Поволжья. М., 1981. С. 18.
3. Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. М., 1976. С. 131, 166, 174.
4. Ахметьянов Р.Г. Общая лексика духовной... С. 67.
5. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1995. 193-б.

6. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, 1997. С. 530.
7. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алматы, 1974. 226-б.
8. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992. С. 327.
9. Жанпейсов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. Алматы, 1989. 38-43-бб.
10. Қасейұлы Бексұлтан. Эпостардағы ескі дін белгілері // Мұра, 1989. №2.
11. Топорков А.Л. Символика и ритуальные функции предметов материальной культуры // Этнографическое изучение знаковых средств культуры. Л., 1989. С. 98.
12. Оразалин К. Абай ауылына саяхат. Алматы, 1994. 89-б.
13. Аманжолов С. Вопросы диалектологии... С. 491.
14. Бабалықұлы Ж. Жылқының өң-түсі // Жас Алаш. 06. 10. 2005.
15. Серошевский В.Л. Якуты. Опыт этнографического исследования. М., 1993. С. 183.
16. Ахметьянов Р.Г. «Лес», «Дерево» и «Барс» у тюрков (Этимологические этюды) // СТ. 1980. №5. С. 90.
- БСл — Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869—1871. Т. I-II.
- РСл — Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1893-1911. Т. I-IV.
- ЮСл — Юдахин К.К. Кыргызча-орусча сөздүк. М., 1965.
- ЎРЛ — Узбекча-русча луғат. М., 1959.
- Туркм РС — Туркменче-русча сөзлүк. М., 1968.
- ШСл — Шипова Е.Н. Словарь тюркизов в русском языке. Алматы, 1976.
- ЭСТЯ — Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков... на согласные. М., 1974; ...на букву «Б». М., 1978; ... на буквы «В», «Г» и «Д». М., 1980; ... авторы словарных статей: Севортян Э.В., Левитская Л.С. на буквы «Ж», «Ж», «Й». М., 1989.
- ҚТТС — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974—1986. Т. 1-10.
- ҚТС — Қазақ тілінің сөздігі. Алматы, 1999.
- МСл — Магазаник Д.А. Турецко-русский словарь. М., 1945.
- ЕСл — Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964.
- АТС — Абай тілінің сөздігі. Алматы, 1968.
- ҚОС — Қазақша-орысша сөздік. Алматы, 2001.
- ЛТР — Луғати точки руси. Алматы, 1954.
- ЛРТ — Луғати руси-точки. М., 1949.
- КСЛ — Клевцова С.Д. Русско-персидский словарь. Учебник. М., 1982.
- ҚСЭ — Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1973. С. 2т.
- ЕҚ — Егемен Қазақстан.
- ЖА — Жас алаш.
- СТ — Советская тюркология.